

АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№25 (139) 5 маусым 2026 жыл

MEMLEKET BASSHYSYNYŇ ALMATY OBLYSYNA İS SAPARY

Қос қаланың келешегі - ел дамуының келешегі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үстіміздегі жылдың 2 маусымында Алматы облысына жұмыс сапарымен келіп, Қонаев пен Алатау қаласының даму мәселелері бойынша кеңес өткізді. Сапар барысында өңір экономикасының өсімі, инвестициялық жобалар және облыс орталығының инфрақұрылымдық дамуы талқыланды. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев осы жұмыс сапары барысында Қонаев пен Алатау қалаларының дамуына ерекше назар аударды.

Президенттің өзі төрағалық еткен бұл жиында ең алдымен ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев баяндама жасады. Баяндама жасаушылар облыстың әлеумет-

ауқымды жобаның ел үшін стратегиялық маңызы зор екенін сөз етті. Мемлекет басшысы Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңесте кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, цифрлық активтерді дамыту үшін қолайлы



тік-экономикалық дамуына және Алатау қаласының алдағы уақыттағы құрылысына кеңінен тоқталды. Жиналғандарға Алатау қаласының жобасы мен бағыт-бағдары таныстырылды.

«Конституцияда айқындалған «қарқынды дамытын қала» мәртебесіндегі Алатау қаласы алғашқы қадамдарын жасауда. Бүгінгі таңда қалаға келген инвестициялар көлемі 3 есеге өсіп, 116 млрд теңгені құрады.

Облыс құрылғаннан бері қол жеткізілген негізгі әлеуметтік-экономикалық жетістіктерге тоқталсам, өңір экономикасы қарқынды дамып келеді. Жалпы өнімдік өнім 2 есеге ұлғайып, Алматы, Астана қалалары мен Атырау, Қарағанды облыстарынан кейін көш бастап тұр.

Аймақ экономикасының ерекшелігі жекелеген жүйе құраушы ірі кәсіпорындарға тәуелді еместігінде. Экономикамыз әртарапандырылған, - деді өз сөзінде облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысының жұртшылық өкілдерімен кездесуде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің жұмысын жоғары бағалады. «Бәріңізге мәлім, биыл Қонаев қаласына облыс орталығы мәртебесі берілгеніне 4 жыл толады. Шаһарда ауқымды жұмыс істеліп жатыр. Қала біртіндеп әкімшілік, туристік және іскерлік орталық ретінде қалыптасуда. Бұл – әкім Марат Сұлтанғазиевтің еңбегі. Жалпы, Алматы облысының өсіп-өркендеуі үшін барлық мүмкіндік бар. Өңірге инвесторлар назар аударып бастады. Қонаев пен Алатау қалаларының дамуы аймақтың көркеюіне зор серпін бермек. Біз күш-жігерімізді біріктіріп, белсенді жұмыс істесек, барлық мақсатқа жетеміз», - деді Мемлекет басшысы.

«Негізі, облыстың даму қарқыны жаман емес. Тиісті жұмыс істелуде. Былтыр өңірлік жалпы өнім көлемі 6,7 триллион теңге болып, 5,4 пайызға өсті. Қаңтар-сәуір айларындағы қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш бойынша аймақ 5-орында тұр. Инвестиция тарту жұмысы белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері облыс экономикасына 266,2 миллиард теңге инвестиция салынды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі шамамен 900 миллиард теңгеге жетті», - деп оң пікірін білдірді.

Жиында Президент Алатау қаласын дамыту бойынша өзекті мәселелерді алдыға тартып, Алматы мен Қонаев арасындағы

орта қалыптастыру мәселелеріне ерекше тоқталды. Президенттің «Алатауды бірегей құқықтық мәртебесі бар қарқынды дамытын қала деп атауға болады» деген пікірі аталған жобаның стратегиялық маңызын айқындады. Сондай-ақ Алатау қаласының еліміздегі алғашқы толық цифрлық қалаға айналатынын атап өтуі – Қазақстанның инновациялық даму жолындағы батыл қадамы екендігін көрсетеді.



Әсіресе, қала құрылысында отандық өнімдерді пайдалану, инвесторларға қолайлы жағдай жасау және жоғары деңгейдегі сервистік қызмет көрсету жөніндегі тапсырмалар ел экономикасына тын серпін беретіні анық.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының Алатау мен Алматы қалаларын байланыстыратын жүрдек қоғамдық көлік жүйесін дамыту жөніндегі тапсырмасы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға және көлік қатынасын жаңа деңгейге көтеретіні анық.

«Бүгін біз Алатау қаласын дамыту бойынша өзекті мәселелерді талқылаймыз. Баршаңызға мәлім, мен осыдан екі жыл бұрын болашақ қаласы – Алатау шаһарын салу туралы шешім қабылдадым. Бұл жобаның тұтас еліміз үшін стратегиялық маңызы зор. Біз осы қалаға инвестиция тартып, оны бизнестің және инновацияның жаңа орталығы ретінде дамытатын болдық.

Осы жерде өмір сүру, жұмыс істеу азаматтарымызға, әсіресе, өскелең ұрпаққа мол мүмкіндік бермек. Сондықтан Алатау қаласы құрылысының негізгі қағидалары жаңа Конституцияға енгізілді. «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

Осы тұста бірнеше маңызды мәселені пысықтап алуымыз керек. Алдымен, осы кезге дейін жүргізілген жұмыспен танысайық.

Сонымен қатар жедел мәселелер мен ұзақ мерзімге арналған міндеттерге тоқталу қажет. Бір сөзбен, алдағы жұмыстың бағдарын айқындап алған жөн», - деді Президент.

Жиын барысында Президент Қонаев қаласының облыс орталығы ретіндегі маңызын атап өтіп, оның заманауи, жайлы әрі көрікті қалаға айналуы қажеттігін айтты. Қалада инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй құрылысы, білім, мәдениет және спорт нысандарын көбейту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Алатау қаласының болашағына зор сенім білдіріп, оның инновациялар, ғылым, білім және жоғары технологиялар шоғырланған жаңа орталыққа айналуы тиіс екенін атап өтті. «Қонаев – өңірдің әкімшілік және қоғамдық орталығы болса, Алатау-болашақтың технологиялық және инновациялық қаласы. Бұл екі қала Алматы облысының ғана емес, тұтас еліміздің дамуына үлес қосатын маңызды орталықтарға айналуы керек», - деген мазмұндағы міндеттер Мемлекет басшысының өңірді дамытуға қатысты көзқарасын айқындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев жиын соңында еліміздің экономикасы мен әлеуметіне елеулі үлес қосқан бір топ азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Алматы облысына келген іс сапарында Мемлекет басшысы GREEN ECO жылыжай кешенімен танысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев таза әрі пайдалы жапырақты көкөніс түрлерін өсіретін GREEN ECO заманауи жылыжай кешенінің қызметімен, сондай-ақ Қазақстан нарығындағы өндіріске қолданылатын технологиялармен танысты. Шаруашылықтағы барлық үдеріс химиялық өңдеусіз, тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолданбай іске асырылады. Бүгінде 160 адам еңбек ететін кәсіпорынның өнімдері Қазақстанның 10 қаласына жеткізіледі.

Президент «Лукоморье» тұқымбағы бақ орталығын аралады. Бұл – автоматтандырылған жұмыс арқылы жылына 1,5 миллион түпке дейін ағаш, сәндік бұталар мен гүлдер өсіруге қауқарлы еліміздегі ірі орталық. Оның өнімдері қалаларымыздың барлығында сұранысқа ие, сонымен қатар Өзбекстан мен Қырғызстанға экспортталады.

Мемлекет басшысына Turanga сәндік өсімдіктер тұқымбағын ұйымдастыру аясында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды. Онда 130 мыңға жуық ағаш және 3,5 миллион түп бұта өсіру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы «Атлетико де Мадрид Қазақстан» футбол академиясына барды. Президент Қ. Тоқаев өңірдегі бірегей спорт жобасы – «Атлетико де Мадрид Қазақстан» халықаралық деңгейдегі футбол академиясының қызметімен танысты.

Мемлекет басшысы академияның 180 балаға арналған жатақханасын аралап көрді. Қазір мұнда еліміздің әр түкпірінен келген 116 бала жаттығады. Академия ойыншыларын испандық бапкерлер іріктеп, оған Қазақстанның барлық өңірінен 4 мыңнан аса бала қатысты. Орталықта жас футболшылардың толыққанды оқу үдерісіне, жаттығулары мен жеке даярлығына барлық жағдай жасалған.

Президент Қ. Тоқаевқа академияны дамыту және спорттық инфрақұрылымды кеңейту жоспары көрсетілді. Осы орайда жасанды қоғалы бар екі ашық футбол алаңын, 500 орындық жабық манеж және әкімшілік-тұрмыстық кешеннің жаңа ғимаратын салу көзделгендігі айтылды.

Жалпы алғанда Мемлекет басшысының Қонаев қаласына жасаған жұмыс сапары облыстың алдағы даму бағыттарын айқындап, жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерге жол ашты.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

«ДОСТЫҚ ҮЙІНІҢ» ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Қонаев қаласында Алматы облыстық «Достық үйі» ғимаратының құрылысы басталды. Өңірдегі қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайтуға бағытталған маңызды жобаны жергілікті ірі кәсіпкерлер өз қаражаты есебінен жүзеге асыруда. Шара барысында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев пен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Жанболат Жөргенбаев облыстық этномәдени бірлестіктердің төрағаларымен бірге ғимараттың іргетасына уақыт қапсу-ласын салды.

Қазіргі таңда өңірде 105 этнос өкілі тату-тәтті өмір сүруде. Облыста тіркелген 34 этномәдени бірлестік пен қоғамдық ұйым түрлі әлеуметтік жобаны қолға алып, өзара татулық пен сенімді арттыруға қызмет етуде. Сондықтан бой көтергелі



отырған «Достық үйі» аталған құрылымдардың басын біріктіретін маңызды орталыққа айналмақ. Мұнда олардың нәтижелі жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалып, жастар бастамаларын қолдауға, пікір алмасуға, мәдени және қоғамдық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи орта қалыптасады.

Аймақ басшысы өз сөзінде «Достық үйі» құрылысының басталуы облыс үшін тарихи маңызы зор, айтулы оқиға екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылы өткен XXXIV сессиясында көпэтносты Алматы облысында «Достық үйін» салу қажеттігі жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Бүгін сол маңызды тапсырманың жүзеге асуына куә болып отырмыз. Өздеріңізге белгілі, мемлекет тарапынан облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына әрдайым айрықша қолдау көрсетіліп келеді. Соның нәтижесінде өңірімізде кәсіпкерлік пен өндірістің өркендеуіне мол мүмкіндіктер ашылды. Атап айтқанда, 2022–2025 жылдар аралығында Алматы облысына 3,7 трлн теңге инвестиция тартылды. Жалпы құны 930,3 млрд теңге болатын 120 жоба пайдалануға беріліп, оның аясында 14 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өңір экономикасының өркендеуіне елеулі үлес қосқан кәсіпкерлеріміз бүгін «Достық үйін» өз қаражаттары есебінен салуға қолдау білдіру арқылы ел алдындағы азаматтық жауапкершіліктің жоғары үлгісін көрсетіп отыр. Бұл шаңырақ ел бірлігі мен татулықтың ордасына айналады деп сенемін» - деді Марат Елеусізұлы.

«Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысы бойынша төрағасы Вера Плетнева жаңа ғимарат жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын жеткізді. «Бүгін бәріміз тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Қазіргі таңда Қазақстан 100-ден астам этнос өкілін бір шаңырақ астына біріктіріп, шынайы достықтың жаршысы болып отыр. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтылмаған. Біздің басты мақсатымыз – татулықты ту етіп, еліміздің дамуына үлес қосу. Ал Алматы облысында «Достық үйінің» бой көтеруі біздің жұмысымызға серпін беріп, жаңа белестерді бағындыруға септігін тигізеді. Әсіресе Ассамблея жастарына үлкен үміт пен жігер сыйлайды, – деген ол облыс әкімдігі мен жобаға ұйытқы болған кәсіпкерлерге алғысын айтты.

Нысан 2 қабатты, 1 блоктан тұрады. Жоба бойынша этно-мәдени орталықтар мен бірлестіктер кабинеттері, 56 орынды конференц-зал, 300 орынды мәжіліс залы салынады. Сондай-ақ ғимарат алдына биіктігі 92 метр болатын Ту тұғыр орнатылады. Нысан құрылысы өз ай бойы жүргізіліп, жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Өз тілшімізден.

Награда из Франции партизану Ахмету Субалову 81 год спустя передана его потомкам в Казахстане..

Мы уже писали в одном из номеров нашей газеты, что накануне 9 мая, в Астане, в посольстве Франции, состоялось торжественная церемония, приуроченная к 81 годовщине Победы во Второй мировой войне. Где родственникам пяти казахстанских партизан, участвующих в движении Сопротивления и освобождении Франции вручили военные награды. Среди приглашенных был племянник Ахмета Субалова - Айвар Субалов, житель города Конаев. Ему были переданы на вечное хранение медаль и письмо от министра обороны Франции. Буквально неделю назад, после его возвращения из командировки, у нас состоялась встреча с Айваром Кожакметовичем.

- Во-первых, Айвар Кожакметович, разрешите поздравить вас наградой вашего дяди. Нашим читателям будет интересно, как прошла церемония.

- Благодарю. Да, это был очень волнительный момент. На мероприятии приняли участие Чрезвычайный и Полномочный посол Франции в Казахстане Сильван Гиоге, первый заместитель главнокомандующего Сухопутными войсками РК, генерал-майор Куанышбек Уштаев, работники дипкорпуса, военный атташе, ветераны вооруженных сил РК, учащиеся астанинских школ, представители СМИ. Было возложено цветов к памятнику национальному герою Франции, генералу Шарль де Голлю, в годы войны возглавляющего Сопротивление. Также зачитано письмо министра обороны Франции Катрин Вотрен. Где было сказано: «Более трёхсот казахстанцев сражались на нашей земле бок о бок со своими французскими товарищами по оружию за освобождение нашей страны. Они страдали, проливали свою кровь и даже отдавали свои жизни за тысячи километров от своей Родины, объединённые борьбой против общего врага. Многие так и не увидели Казахстан вновь и покоятся на французской земле. Генерал де Голль в своё время почтил их память, и сегодня Франция показывает, что не забывает их».

Нам передана медаль и сертификат которые займут достойное место в нашей семье и станут семейной ценностью.

- К слову. Вы приехали в посольство не одни?

- Да, со мною были сын Амиржан, внук Кожакмет и внук моей сестры Шарафат, сыгравший на скрипке казахстанский и французский гимны, марш «Прощание славянки» и другие произведения, заслужив аплодисменты зрителей. Также от нашего рода мы подарили Чрезвычайному и Полномочному послу Франции в Казахстане Сильван Гиоге национальный чапан.

Сына и внука я взял, поскольку это был своего рода исторический момент для нашей семьи: восторжествовала правда о нашем родственнике, который ушёл на войну из родного села Бирючек в Астраханской области. В нашем роду трое братьев, аке агасы, воевавших в период Великой Отечественной войны. Среди них мой дядя Ахмет, попавший в плен, но не сломившийся. Благодаря зарубежным архивам нам открываются новые обстоятельства тех лет,

судьба советских военнопленных, использовавших шанс влиться в антифашистское движение в Европе. Этим можно гордиться, это надо помнить, сохранить и передавать из поколения в поколение.

- А можно об этом подробнее?


- У моего отца, Кожакмета, было трое старших братьев - Субалов Серик Иргалиевич (1913 г.р), Субалов Берик Иргалиевич (1918г.р) и Субалов Ахмет Иргалиевич (1923 г.р). Все они ушли в армию и фронт из родного аула Бирючек в Астраханской области. От самого старшего, Серика, вестей не было совсем. Средний, Берик, служил в Красной Армии с 1938 года в кавалерийских частях НКВД в Бессарабии, Молдавии (сохранилось его фото в военной форме, датированное 1941 годом). Воевал под Сталинградом, где и погиб, родители получили весточку (похоронку) – «погиб в бою».

Драматично сложилась судьба Ахмета Иргалиевича. Он отважно воевал, о чём говорят его награды на единственной сохранившейся военной фотографии в качестве рядового. Но в результате одного из боёв его подразделение (может рота, полк) попало в окружение, мы не знаем всех подробностей того сражения. В результате – плен, допросы, конвой, отправка товарняками в глубь Европы, в Южную Францию, находящуюся под оккупацией немецких войск. Всех советских военнопленных поместили в концентрационные лагеря и возили работать в угольные шахты. Понятно, что условия там можно охарактеризовать одним словом - ад. Отсутствие средств защиты от угольной пыли, холод, голод, огромные нормы выработки, избиения за невыполнения, не было медицинской помощи. Люди заболели и гибли от нечеловеческих условий тысячами. В угледобывающих центрах Франции (ныне все они закрыты) сохранились огромные братские могилы пленных советских солдат, работавших в годы войны на шахтах (обо всём этом можно найти информацию в интернете).

И несмотря на такие мрачные перспективы наш дядя сумел бежать из плена и присоединится с товарищами к отрядам французский партизан «Маки», входящих в движение Со-



На снимках из личного архива Субалова А.К.; Астана, Посольство Франции. 08.05.2026г. На церемонии передачи награды потомкам казахстанских партизан, освобождавших Францию в годы Второй мировой войны.



Медаль Ахмету Субалову "За участие в освобождении Франции во время Второй мировой войны".
Akhmet Subalov
La France Reconnaissante
Франция воз признавала блддрдд

противления «Свободная Франция» возглавляемое Шарль де Голлем.

Всего 7 лет назад, в старом сундуке бабушки, мы нашли фотографию Ахмета ага, где он запечатлён с товарищами, на станции Тарин, в Южной Франции, в головном уборе французских партизан. Батальон французы называли «Монгол», видимо, из-за азиатской внешности партизан, состоявшийся из казахов и других народов Средней Азии. Отряд из более 300 человек базировался на юге Франции, совершал налёты на немецкие гарнизоны, пускал под откос вражеские эшелоны, освобождал плен-

ных. «Монгол» участвовал в 1944 году в освобождении городов Тулуза, Альби, Кармо и других. Был также другой батальон - «Сталинград».

- Как сложилась дальнейшая судьба вашего дяди?

- Нам известно, что из 320 казахстанцев, по окончании войны во Франции, вернулось на родину только 78 человек, среди них был Ахмет Субалов.

После всех спецпроверок НКВД он наконец-то переступил порог родного дома. Повезло не всем: многих бывших военнопленных отправили на каторгу в Сибирь. Но тут у дяди начались другие проблемы. Подорванное в плену, на шахтах и в боевых походах здоровье давали о себе знать. У него практически не работали лёгкие, он харкался кровью. Бабушка рассказывала, что спина Ахмета, от избиений в лагере, была вся в кровавых полосах. Время было тяжёлое, полуголодное. Чтобы заработать на хлеб, Ахмет ага поехал в Астрахань. Там устроился грузчиком в речном порту. Однажды, с очередным приступом удушья, попал в городскую больницу, где вскоре умер и был быстро похоронен. Но мама (наша бабушка) узнала об этом не сразу, а спустя какое-то время. На лодке из рыбацкой артели добиралась эти полсотни вёрст до городской больницы, где ей выдали только гимнастёрку сына и справку о смерти. Шёл 1946 год, ему было в ту пору всего 23 года, семью свою Ахмет так и не успел завести.

- Мы слышали, что вы на свои средства установили памятник погибшим участникам Великой Отечественной войны в родном селе?

Это действительно так, но я не считаю это чем-то выдающимся. Это дань уважения ратному подвигу фронтовиков от благодарных сыновей-односельчан. Из нашего села Бирючек не вернулось с войны 78 односельчан, более 80 процентов из которых казахи, так как село по этническому составу преимущественно казахское. Памятник, несмотря на различные сложности на границах, доставили-таки из Кыргызстана через Казахстан в Бирючек. Оставалось буквально меньше пары суток до его открытия, и бригада добровольцев-строителей из нашего села, вопреки скептикам, ударными темпами успела подготовить площадку для монумента.

Открытие памятника состоялось точно в назначенный срок - 8 мая 2010 года - при большом стечении народа. Присутствовали глава района, гости, СМИ, в том числе из Казахстана. Народ и радовался, и плакал. Впервые, 65 лет после окончания войны, у них появилась возможность увидеть и прочесть родные имена героев в границах, возложить к подножию цветы и почтить память погибших минутой молчания. Была концертная программа с песнями военных

лет, был богатый дастархан. Теперь у жителей есть место, куда собираться в День Победы, посещают его и молодожёны.

- Что для вас значит город Капшагай, нынешний Конаев?

- Я бы сказал, что это моя вторая родина, мои молодые, зрелые годы, мой первый трудовой опыт. Я окончил Астраханский технический институт, факультет «Промышленное и гражданское строительство». В 1981 году по Всесоюзному распределению был направлен в качестве молодого специалиста на Капшагайский сельский строительный комбинат. Работал мастером, инженером, прорабом. Принимал самое активное участие в строительстве и развитии Капшагай. Избирался секретарём комитета комсомола комбината. Следом, после окончания Астраханского рыбного института, с дипломом инженера-экономиста в город приехала моя супруга Светлана. Она активно включилась в комсомольскую и трудовую деятельность.

Был я также инспектором городского комитета народного контроля, инструктором в горкоме партии, заместителем председателя горисполкома Капшагай, потом вернулся в родной стройкомбинат на должность заместителя гендиректора. Ныне уже много лет в частном бизнесе в Алматинской области, но город своей юности не забываю, тут родительский дом, моя мама, которой 93 года! Дай Аллах ей долгие годы. У нас со Светланой растут прекрасные дети, получившие образование в Англии и нашедшие себя в своей сфере. Радуют успехами в школе, в спорте, в шахматах внуки.

Про регалии и награды говорить особо не люблю, но, если интересно, могу «похвалиться». Думаю, мой многолетний труд отмечен достойно. Я ветеран-строитель, «Почетный гражданин города Капшагай». Продолжаю трудиться на благо экономики области и родного Казахстана в строительном, логистическом, финансовом бизнесе. Недавно, за заслуги перед Алматинской областью и общественное признание награжден президентом Касым-Жомартом Токаевым высокой государственной наградой – Орденом «Күрмет». За вклад в развитие Астраханской области имею региональную медаль и звание «Почетный гражданин Камызякского района».

Ну и в заключении, хотел сказать спасибо вашей газете, за внимание к моей персоне. Самое важное, это возвращение честного имени наших отцов, дедов, родственников, как в моем случае. Воевавших в годы войны, попавших, по ряду обстоятельств, в плен, но не сломавшихся в «лагерях смерти», проявивших личный героизм. Отдельная благодарность посольству и народу Франции, что раскрывают свои архивы, где сохранились сведения о годах войны, существующих в то время концлагерях. Мы узнаем о многолетних «белых пятнах истории». Что попавшие в плен советские солдаты, в числе которых были представители Казахской ССР (на тот момент), Средней Азии, бежали из концлагерей, присоединялись к Движению Сопротивления. Они вместе с французами били врага, приближая окончание войны.

Также вызывает уважение, что найденные во Франции захоронения советских солдат, в том числе казахов, содержатся в хорошем состоянии, за ними есть уход. Исследователям, историкам еще предстоит возвращать сотни, если не тысячи забытых имен. Это должно знать общество, особенно молодое поколение наших граждан.

- Спасибо за уделённое нам время.

Беседовал
Рамазан ЕЛЕШЕВ.



Памятник павшим воинам в ВОВ с.Бирючки. Астраханской области, открытый 8 мая 2010 году на родине Субаловых.



Бойцы первого советского полка, в составе Французского Сопротивления. (Ахмет Субалов в центре.) Южная Франция, г.Альби 9./07.1945 г.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

РУХЫ БИІК, ІСІ АДАЛ ЖАС САРБАЗ

Еңбекшіқазақ ауданы, Түрген ауылындағы М. Ломоносов атындағы орта мектептің базасында «Рухы биік, ісі адал – жас сарбаз» атты облыстық семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Тағылымы мол іс-шараның негізгі мақсаты 2021–2026 оқу жылдары аралығындағы «Жас сарбаз» қозғалысының бес жылдық қызметін қорытындылау, сондай-ақ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы мектеп тәжірибесін насихаттау болды.

Семинарға еліміздің әскери-патриоттық тәрбие саласына елеулі үлес қосып жүрген мемлекет және қоғам қайраткерлері, әскери сала ардагерлері, білім беру ұйымдарының басшылары мен қоғамдық бірлестік өкілдері қатысты. Олардың қатарында ҚР Қорғаныс министрлігінің Алматы қаласы әскери-техникалық мектебінің директоры, ҚР Қарулы күштерінің ардагері, генерал-майор Дулат Адырбеков, «Қазақстандық жас патриоттар Академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы және Жетісу облыстары филиалының директоры Жанатгүл Бүгімбаева, Алматы облысы білім басқармасы бөлім басшысының орынбасары Нұрбек Байсақов, Еңбекшіқазақ ауданы білім бөлімінің басшысы Шолпан Қошаханова, Еңбекшіқазақ ауданының «Құрметті азаматы», кәсіпкер, мектептің 1970 жылғы түлегі Бауыржан Сабырбаев, Алматы облысы «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының төрағасы Досым Әбдірешов, кәсіподақ филиалының төрағасы Серік Нұдырбаев, Түрген ауылдық округінің әкімі Жұлдыз Исхелдиева және облыс көлеміндегі өзге аудандық білім бөлімдерінің өкілдері болды.

Семинар мазмұндық жағынан бай әрі жан-жақты ұйымдастырылып, бірнеше бөлімнен тұрды. Кіріспе бөлімде «Біртұтас тәрбие: ізденіс, еңбек және өнеге» атты көрме ұсынылды. Көрмеде мектеп оқушыларының өз қолдарымен жасаған ұлттық нақыштағы колонер бұйымдары мен «Smart Bal»

жобалық жұмысы аясында әзірленген заманауи робототехника туындылары қойылып, қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Бұл көрме жас ұрпақтың шығармашылық ізденісі мен технологиялық сауаттылығының жарқын көрінісіне айналды.

Семинардың алғашқы бөлімі «Заманауи тәрбие: құндылықтар және тәжірибе алаңы» тақырыбымен жалғасты. Алғашқы сөйлеген Алматы облысы білім басқармасының «Дене шынықтыру, спорт, алғашқы әскери дайындық және қосымша білім беру ғылыми-тәжірибелік орталығы» директорының орынбасары Нұрбек Байсақов жас ұрпақ тәрбиесіндегі патриоттық бағыттың маңыздылығына тоқталды. Аудандық білім бөлімінің басшысы Шолпан Қошаханова сөз сөйледі, «Рухы биік, ісі адал-жас сарбаз» облыстық семинары жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты, отансүйгіштік қасиетті және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған тағылымы мол алаңға айналды. Іс-шара барысында ұсынылған тәжірибелер, әскери-патриоттық бағыттағы жобалар мен тәрбиелік мазмұндағы бағдарламалар білім мен тәрбие сабақтастығының маңызын айқын көрсетті. Бес жылдық нәтижені қорытындылаған бұл маңызды кездесу «Жас сарбаз» қозғалысының өскелең ұрпақты тәртіпке, батылдыққа, елге қызмет етуге баулудағы рөлін айқындап берді. Осындай ауқымды бағдарламалар арқылы елін сүйетін, рухы

мықты, болашағына сенімді жас буын қалыптасатыны сөзсіз.

Жиында мектеп директоры Римма Ахметова өз сөзінде бүгінгі таңда «М. Ломоносов атындағы орта мектепте» 5«Ә», 7«Ә», 8«В», 9«Б», 9«Ә», 11«А», 11«Ә» сыныптары әскери бағыттағы сыныптар ретінде ашылып, онда 128 оқушы тәрбиеленіп жатқанын ерекше атап өтті.



Мұндай сыныптардың өскелең ұрпақтың бойында тәртіп, жауапкершілік, елжандылық қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы зор екенін айтты. Облыстық деңгейдегі игі бастаманың жүзеге асуына қолдау көрсеткен «Qazinterservice» ЖШС компаниясының басшысы Төлебай Төлепов пен мектеп ұжымына алғысын білдірді. Сондай-ақ, әскери бағыттағы сыныптардың қалыптасу тарихына тоқталып, 2021 жылы сол кездегі мектеп директоры Г. Б. Мусина мен АӨТД пәнінің мұғалімі Б. Мунтинов бастамасымен 7«Ә» сыныбы әскери сынып ретінде ашылғанын атап өтті. Бүгінде сол оқушылар 11-сыныпқа жетіп, мектеп мақтанышына айналған. Биыл мектеп директоры Римма Әуесханқызының бастамасымен Б.Мунтиновтің жетек-

шілігі негізінде барабаншылар тобы құрылып, музыка пәні мұғалімі Ю. Айтбаеваның жетекшілігімен республика көлемінде алғаш рет мектеп қабырғасында қысқа мерзімде мектептің балалар мен жасөспірімдер үрмелі аспаптар «Сарбаз әуені» оркестрінің премьерасы жасакталғанын ерекше мақтанышпен жеткізді.

Семинар барысында мектеп қабырғасында ашылған «EcoLab» инновациялық зертханасының жұмысы таныстырылып, экологиялық және ғылыми бағыттағы жобалар көрсетілді. Бұл зертхана оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, ғылым мен экологияға қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды алаң ретінде бағаланды.

«Тәжірибе және тағылым: заманауи білім беру парадигмасы» атты екінші бөлімде мектеп мұғалімдері ашық сабақтар өткізіп, өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтқанда, 11 «А» және 11 «Ә» сыныптарына АӨТД пәні мұғалімі Б.Мунтинов «Тактикалық дайындық сабақтарын ұйымдастыру және өткізу әдістемесі» тақырыбында практикалық microteaching сабағын өткізсе, 7

«Ә» сыныбына АӨТД пәні мұғалімі А. Б. Жанұзақов «Ант – Отанға адалдық белгісі» тақырыбында практикалық microteaching сабағын ұйымдастырды. Заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып өткізілген сабақтар қонақтар тарапынан жоғары бағаланып, педагогтердің кәсіби шеберлігі мен оқушылардың белсенділігін айқын көрсетті.

Семинардың ең әсерлі сәттерінің бірі – «Ұлт айыны – Жас Сарбаз: рух пен өнер ұштасуы» атты концерттік бағдарлама болды. «Қазақстандық жас патриоттар Академиясының» мүшесі, республикалық байқаулардың екі дүркін жеңімпазы, I дәрежелі диплом иегері, 11 «А» сынып оқушысы Даниел Есенжол орындаған «Жас сарбаз маршы» көрермендердің рухын көтеріп, ерекше патриоттық көңіл күй сыйлады. Әскери трионың карабинмен саптық тәсілдері, барабаншылар дефилесі мен офицерлік қылыш шоуы көпшіліктің зор қолдауына ие болды.

Семинардың қорытынды бөлімі Түрген шатқалында өткен «Тәжірибе алаңы: әскери-қолданбалы дайындық» бағдарламасымен жалғасты. Бұл эстафета республикалық «Ай-бын» байқауына практикалық дайындық ретінде ұйымдастырылды. Қатысушылар автоматты шашып-жинау, газқағар мен сауыткөкірек кию, оқ-дәрі жәшіктерін тасымалдау, жаралыны эвакуациялау, садақ ату сынды әскери-тәжірибелік жаттығуларды тамашалады. Республикалық «Мерген Ару» байқауына арналған практикалық дайындық жұмыстары көрсетіліп, нысана көздеу мен дәл ату тәсілдері таныстырылды. Бұл бөлім оқушылардың тек білімді ғана емес, шыдамды, елті, тәртіпті әрі жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасуына ықпал ететінін айқын аңғартты.

Ж. ҚҰЛТАНОВА,
М.Ломоносов атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

31-МАМЫР-САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ҰМЫТТЫМАС НӘУБЕТ ЗАМАНЫ

Халқымыздың тарихында мерейі тасыған мәртебелі дәуірлерімен қатар, тар жол тайғақ кешкен қасыретті кезеңдер аз болмағаны ащы ақиқат. Ел тарихының ең қайғылы беттерінің бірі – Саяси қуғын-сүргін жылдары миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан қиын да қасіретті күндерге тиесілі.

Осыған орай жыл сайын ұжымдастыру кезінде аштыққа ұшырағандарды, қызыл империяның қысымынан туған жерін тастап кетуге мәжбүр болғандарды еске аламыз. Сол жылдардағы адам шығыны мен отандастарымыз тартқан тағдыр тауқыметі жайлы ойлағанда жан жүрегің езілмей қоймайды...

Қазақстандағы Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу туралы» заң қабылданып, 1997 жылғы 5 сәуірдегі Президент Жарлығымен «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып бекітілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: - Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты. Өкінішке қарай, түгелге жуығы халық жауы атанып, қуғын-сүргін құрбаны болды. Еңбектері жойылды, ұзақ жылдар бойы олардың атын атауға тыйым салынды. Бірақ ұлтымыз ұлы перзенттерінің есімін санасынан өшірмей, жадында сақтай білді- деп атап өтті.

Зұлмат жылдардың қасіретін зерттеу деректеріне қарағанда 1927-1953 жылдары Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған 125 мыңнан астам адамның 25 мыңы атылған. Осы жылдар аралығында Кеңес Одағында 953 лагерь болса, Қазақстанда 20-дан астам ГУЛАГ лагері болған. Қазақтың қаншама қабырғалы тұлғалары сол солақай саясаттың құрбандарына айналды. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында қазақ зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Міржақып Дулатұлы, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Санжар Асфендияров, Ыбырайым Жайнақов сынды мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары болды.

Осы қасіретті де қиын жылдардың дәйекті дерегі ретінде Алматы облысының мемлекеттік архив қоймасында сақтауда тұрған №№ 2,

270, 348, 408, 489, 658, 830 қорларда көптеген құжаттар сыр шертеді. Онда қазақтың лирик ақындары Ілияс Жансүгіровті ату туралы анықтамалар мен түрмедегі азапталған фотоқұжатты, Сәкен Сейфуллиннің айыптау куәлігі және Досмұханбетовтың бақылау ісі, Садық Аманжоловтың өз қолымен жазған өмірбаяны, Жетісу өңірі бойынша «Алаш қозғалысының» төрағасы Ыбырайым Жайнақовтың Әскери-революциялық комитетке өз қолымен жазған хаты мен өмірбаяны және түрмеге жабу туралы үкімі және үйін кәмпескелеу, заттарын тәркілеу актілері мен оны түрмеден босатуды талап еткен жер-жерден келген те-



леграммалары сияқты аса маңызды құжаттар бар.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті іс-шараларды жүзеге асыра бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды.

1991 жылы Іле ауданының Әли, Талғар ауданының Жаналық ауылдарын жалғаған жол бойынан 1930-1940 жылдар аралығында атылған 4121 адамның көмделген орны табылды. 1992 жылы Талғар ауданы Жаналық ауылының аумағынан 3,5 гектар жер телімі бөлініп, мемориал ескерткіш орнату туралы Алматы облысы әкімінің шешімі шықты. Ал,

2002 жылы 31 мамырда Жаңалық ауылында қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш ашылды. Облыс әкімінің қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіштің жобасына байқау жариялау туралы және облыс әкімінің 1992 жылғы 28 қазандағы Іле ауданы Әли ауылына қарасты жерде қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш орнату туралы шешімдері біздің Алматы облысының мемлекеттік архив қоймасындағы № 972 қорда сақтауында тұр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашадағы № 456-ші «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия әр облыс аумағында архив қойнауында «өте құпия», «құпия» грифтерімен таңбалаған көлеңкелі құжаттарын ашуға ауқымды мүмкіндік тудырды. Архив құжаттарының ашылуы жариялану ғылыми зерттеу әдістері негізінде талдау тарих ғылымдары үшін



белгісіз, көмескі деректерді нақтылауға жол ашты және өткеннің ұлы тарихын шаң тазартып, көп томдық құжатты жинақтың шығуына баға жетпес құнды тарих.

Тарихымыздың қасіретті беттері, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандары әрқашан біздің жадымызда және оны ұмытпау-біздің қасиетті борышымыз.

Еліне қайраты мен адал еңбектерін төккен асыл азаматтардың жазықсыз сотталуын, тағдыр тауқыметін тартқан тарихи тұлғаларды дәріптеп, архив құжаттарынан көрме ұйымдастырып, Жаңалық ауылындағы «Қуғын-сүргін құрбандарына арналған» ескерткішке гүл шоқтарын қою архив қызметкерлерінің жылдағы мызғымас міндеті.

Р.ҚАЛДЫБЕКОВА,
Алматы облысы мемлекеттік архивінің архивисі.

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП

Қазіргі цифрлық дәуірде тәрбие мәселесі – қоғамдағы ең өзекті тақырыптардың бірі. Ғаламтор, әлеуметтік желі, смартфон мен жасанды интеллект балалардың дүниетанымына, мінез-құлқына және өмір салтына үлкен әсер етуде. Сондықтан ата-ана мен мектептің тәрбиедегі рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түсті.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕРІ

Цифрлық дәуірдегі негізгі тәрбие мәселелері:

1. Телефон мен интернетке тәуелділік. Көптеген балалар уақытын телефонда өткізіп, кітап оқуға, спортқа, отбасы қарым-қатынасына аз көңіл бөледі. Бұл олардың денсаулығына, оқуына және психологиясына әсер етеді.
2. Әлеуметтік желінің ықпалы. TikTok, Instagram сияқты желілер балалардың санасына тез әсер етеді. Кейде олар пайдалы ақпараттан гөрі жеңіл, орынсыз контентке әуес болып кетеді. Бұл ұлттық тәрбие мен адами құндылықтардың әлсіреуіне алып келуі мүмкін.
3. Кибербуллинг мәселесі. Интернет арқылы қорлау, мазақ ету, жалған ақпарат тарату оқушылар арасында көбейіп келеді. Мұндай жағдай бала психологиясына ауыр соққы береді.
4. Тірі қарым-қатынастың азаюы. Балалардың көпшілігі виртуалды әлемге жақын болып, ата-анамен, ұстазбен, достарымен ашық сөйлесуі сиреп барады.
5. Ұлттық құндылықтардың әлсіреуі. Шетелдік мәдениеттің ықпалы артқан сайын, ана тіліне, салт-дәстүрге, үлкенді сыйлау сияқты тәрбиелік құндылықтарға немқұрайдылық байқалуы мүмкін.

Баланың интернет қолдану уақытына бақылау жасау, отбасында ашық әңгіме мен бірге уақыт өткізуді көбейту, мектеп пен ата-ананың бірлескен тәрбиелік жұмысын күшейту, балаларды кітап оқуға, спортқа, өнерге баулу, цифрлық сауаттылық пен интернет мәдениетін үйрету, ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды насихаттау секілді дүниелер оны шешудің жолдары болып табылады.

Цифрлық технология – заман талабы. Одан қашу мүмкін емес. Бірақ оны дұрыс пайдалану мәдениетін қалыптастыру – ата-ана, ұстаз және қоғамның ортақ міндеті. Тәрбиелі, білімді, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ қана цифрлық дәуірдің көшін бастай алады.

Гүлзира СТАМҚҰЛОВА,
Жамбыл ауданы.

АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛУ

ОТ АУЫЗДЫ, ОРАК ТІЛДІ МҰХТАР

Мұхтар Шаханов — қазақ халқының рухын, намысын, ар-ожданын жырлаған бірегей тұлға. Ол тек ақын ғана емес, ұлт тағдырына бейжай қарамайтын қоғам қайраткері, ащы болса да, шындық үшін күрескен батыл азамат. Оның шығармалары адам жанын тербеп қана қоймай, оқырманды ойлануға, арын таз ұстауға, елін сүйге шақырды. Мұхтар Шахановтың поэзиясында ұлттық рух, адамгершілік, достық, әділдік пен намыс тақырыптары ерекше орын алды. Сондықтан да, халық оны жай ақын ғана емес, ұлттың жан айқайын жеткізген қайсар тұлға ретінде таниды.



Мұхтар Шаханов 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Оның балалық шағы соғыстан кейінгі қиын кезеңдермен тұспа-тұс сәйкес келді. Бірақ, сол ауыр өмір оның рухын әлсіреткен жоқ, керісінше қайсарлыққа, әділдікке тәрбиеледі. Жастайынан әдебиетке құмар болып өскен ақын кейін қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілді, әлем халықтарының тілдеріне аударылды. Оның өлеңдері қарапайым болғанымен, терең мағынаға толы, әр шумағында халықтың мұңы мен үміті қатар өріліп жатады. Ақынның шығармашылығында анаға деген құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік, рухани тазалық ерекше көрініс табады. Оның «Төрт ана» атты өлеңі бүкіл қазақ халқының жүрегінен орын алып, ақын адамдардың туған жерін, тілін, дәстүрін және тарихын құрметтесе, болашағы бұлыңғыр болатынын ескертеді. Бұл шығарма бүгінгі ұрпақ үшін де аса маңызды. Себебі қазіргі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтау өзекті мәселе болып отыр.

Мұхтар Шаханов тек өлең жазып қана қоймай, қоғамдағы маңызды мәселелерге де үн қосты. Соның ең үлкен дәлелі — Желтоқсан оқиғасына қатысты батыл ұстанымы. Кеңес дәуірінде көпшілік шындықты айтудан сескеніп, қорыққан кезде Мұхтар Шаханов халық намысын қорғаудан тайынбады. 1989 жылы Одақтық съезде Кеңес Одағының Коммунистік партия басшысы Михаил Гор-

бачевке Арал теңізінің мәселесін көтеріп сөз сөйлеймін деп рұқсат алады. Сол кезеңде Арал қасіреті бүкіл елді алаңдатқан ауыр мәселе болатын. Алайда, ақын Арал емес, 15 республиканың өкілдерінің алдында Желтоқсан оқиғасының ащы шындығын батыл түрде айтып шығады. Ол қазақ жастарына жабылған «ұлтшыл» деген жаланың әділетсіз болғанын айта келе, жастардың ел намысы үшін алаңдағанын, демократия үшін күрескенін ашық жеткізеді. Бұл үлкен ерлік еді. Себебі, ол кезде мұндай сөз айту өз тағдырына қауіп төндірумен тең болатын. Бірақ Мұхтар Шаханов шындықты бәрінен биік қойды. Оның осы батылдығы қазақ халқының жүрегіне мәңгі сақталады. Желтоқсан шындығын әлемге жария ету арқылы ол талай жастың рухын қорғап қалды. Сондықтан да халық ақынды тек талантты қаламгер ғана емес, әділдік үшін күрескен қайсар тұлға ретінде де аса сыйлап, құрметтейді. Мұхтар Шахановтың өмір жолы түрлі қиындықтар мен күреске толы тағдыр болды. Алайда, ол ешқашан рухани биігін жоғалтқан емес. Ақын әрдайым адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын жоғары қойды. Оның шығармаларында рухсыздық, сатқындық, арысздық қатты сыналады. Ол жастарды білімді, намысты, отансүйгіш болуға шақырды.

Төрт жыл бұрын ақын Мұхтар Шаханов мерейлі 80 жасқа толған кезде біздің мектебімізге шақырылып, оқушылармен әсерлі кезде-

су өткізілген еді. Бұл кездесу біздің өміріміздегі ерекше әрі ұмытылмас сәттердің бірі болды. Оқушылар ақынның «Отырар» дастаны бойынша көрініс қойып, желтоқсан көтерілісінің ардагерлері ұстаздарымыз Раймбекова Шолпан, Тоқсанбаева Бақытгүл, Қасымбекова Патигүл, Өміржанова Роза, мектеп директоры Төрегелдиев Мақсатжан ағайымыз ақынға алғыстарын айтса, Іле ауданы желтоқсан ұйымының төрайымы, ақын, журналист Қашқынбекова Бағдат ақынның алдында өзінің «Мен Қазақпын» өлеңін оқыған еді. Мұхтар ағамыз да өз өлеңдерін жатқа оқып, бізбен өзінің өмірбаяны, балалық шағы, шығармашылық жолы және тағдыры туралы шынайы әңгімелерімен бөлісті. Ол өмірде кездескен қиындықтар адамның рухын сындыра алмайтынын, ең бастысы адам арын жоғалтпауы керектігін айтты. Ақынның әрбір сөзі жүрекке жетіп, терең ой салды. Кездесу барысында ол ел жастарына үлкен үміт артатынын жеткізді. Ана тілін құрметтеу, елді сүйу, рухани әлсіреп кетпеу туралы айтқан ойлары ерекше әсер қалдырды. Біз ақынның сөзінен үлкен өмірлік сабақ алдық. Оның қарапайымдылығы мен шыындығы бәрімізді таңқалдырды. Ақын ағамыз өзінің отыз бес жыл намаз оқып келе жатқанын айтып, оқушыларға бата берді. Осындай ұлы тұлғаман жүздесу біз үшін үлкен мақтаныш болды.

Мұхтар Шаханов — қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орны бар тұлға. Ол поэзия арқылы халықтың жанайқайын жеткізіп қана қоймай, шындық үшін аянбай күресті, ұлттық рухты қорғады. Ақынның өмірі мен шығармашылығы кейінгі ұрпаққа әрқашан да үлгі болып қала бермек, өлеңдері де, ерлігі де уақыт өткен сайын өз құндылығын жоғалтпайды. Себебі, шындық пен руханият ешқашан ескірмейді. Ол кісіні көзі тірісінде көргеннен кейін біздерге ақынның қазасы қатты батты, көзімізге жас алып, бақұл бол, қазақтың адал да, асыл перзенті, от ауызды, орақ тілді, ойшыл ақыны дейміз. Ақынның өсиетімен өзі жырлап өткен сүйікті мекені Отырар өлкесіндегі Арыстан баб әулиенің қасындағы Қоғам ауылындағы зиратқа жерленуіне де қатты риза болдық. Осы тандауынан да асылдың сынығы, тектінің тектілігі, туған жерге махаббаты білінді ғой. Марқұмның рухы пейіште шалқысын.

Мөлдір МЕДЕТБЕКОВА,
№12 орта мектептің
10 сынып оқушысы.
Жаңадәуір ықшам ауданы,
Алатау қаласы.

МЕРЕЙТОЙ

Аспанмен астасқан айбынды Хан Тәңірі, жырға айналған Қарасаз, батырлық пен руханияттың алтын бесігі болған Райымбек ауданы биыл өзінің 90 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтуде. Аталған өлкеде «Хан Тәңірі қазынасы» атты фестиваль өтуі жоспарланған. Бұл жайында өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында белгілі болды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА «ХАН ТӘҢІРІ ҚАЗЫНАСЫ» АТТЫ ФЕСТИВАЛЬ ӨТЕДІ

Мерейтойлық жыл басталғалы бері аудан көлемінде тағылымы мол, мазмұны терең ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, «Спорт – саулық кепілі», «Қазақ поэзиясының Хантәңірі» атты жыр мүшәйрасы өткен. Аудан мерейтойы тек той-думанмен шектелмей, нақты игі бастамалармен жалғасуда. Көктемнің алғашқы күндерінен бастау алған «90 жылдыққа – 9000 ағаш» экологиялық акциясы-соның айқын дәлелі.

Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Әнуар Үмбеталиев шілде айындағы мерекелік шаралар ерекше мазмұнға ие болатынын тілге тиек етті.



«Ауданның 90 жылдығына орай ауқымды шаралар легін өткізу жоспарланған. Атап айтсақ, шілде айында «Хан Тәңірі қазынасы» атты фестиваль өтеді. Басты мақсат-өңірге туристерді тарту, аймақ айшығын паш ету», - деді өз сөзінде Әнуар Үмбеталиев.

Нақтылап айтсақ, 9 шілде күні аудандық кітапхана мен «Хантәңірі» газетінің 90 жылдығына арналған «Руханият салтанат құрған 90 жыл» атты салтанатты кеш ұйымдастырылады. Тоғыз онжылдық бойы аудан тарихын сақтап, елдің рухани өміріне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан сала мамандарының еңбегі ұлықталады. Сондай-ақ, «Құлмамбеттің құлынын құндақтаған өлке» атты жас ақындар айтысы аймақты дүбірге бөлемек.

Мерейтойлық шаралардың шарықтау шегі 10-11 шілде күндері Нарынқол мен Шөлкөде жайлауында өтетін «Хан Тәңірі қазынасы» фестивалі болмақ.

«10 шілде күні ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылып, кешкіні еліміздің өнер жұлдыздары қатысатын гала-концерт өтеді. Ал 11 шілде күні Шөлкөде жайлауында ұлттық рухты дәріптейтін бәйге, аударыспақ, түйе палуан сынды ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылады. Бұл — ата дәстүр мен ұлттық мәдениетті ұлықтайтын ұлы мереке», - дейді Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаев.

Райымбек ауданының 90 жылдығы-өткенге тағзым, бүгінге баға және болашаққа нық қадам. Хан Тәңірінің етегіндегі қасиетті өлке өзінің бай тарихын, терең руханиятын және жасампаз болмысын тағы бір мәрте айшықтап отыр. Берекесі мен бірлігі жарасқан аудан халқы үшін бұл мерейтой елдіктің еңсесін тіктеп, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыра түсетін ерекше кезең болмақ.

Өз тілшімізден.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Өндірісте шудың адам ағзасына әсері

Өндірістік шу - бұл өндірістік қызмет барысында пайда болатын және адам ағзасына теріс әсер ететін дыбыстардың жиынтығы.

Өндірістегі шу деңгейінің жоғарылауы еңбек өнімділігі мен жұмысшылардың денсаулығына кері әсер етеді. Есту қабілетінің бұзылуы, жиі айналуы, зейіні мен есте сақтау қабілетінің нашарлауы, гипертония дамуы мүмкін. Ауыр жағдайларда жүрек-қан тамырлары мен ас қорыту жүйесінің ауыр бұзылыстары пайда болады, психикалық бұзылулар дамиды.

Жұмыс орындарындағы шудың параметрлері мен шекті рұқсат етілген деңгейлерін регламенттейтін негізгі құжат «Адамға әсер ететін физикалық факторларға гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы болып табылады.

Жұмыс берушілерге оның жұмысшыларға жағымсыз әсерінің алдын алу шеңберінде шуммен күресу бойынша кеңестер: шудың пайда болу себептерін жою немесе оны көзде азайту; тарату жолдарындағы шуды азайту (мысалы, дыбыс өткізбейтін қаптама); жұмысшыны немесе жұмысшылар тобын шудың әсерінен тікелей қорғау; есту мүшелерін жеке қорғау құралдарын пайдалану (антифондар, штепельдер); аудиометрия, невропатолог, офтальмолог жүргізе отырып, отоларингологта жылына бір рет міндетті тексерумен алдын ала және мерзімді медициналық тексерулер жүргізу; өндірісте шу деңгейі төмен заманауи жабдықты пайдалану; қашықтан басқару және автоматты бақылауды қолдану; дыбыс өткізбейтін қоршауларды, технологиялық процесті басқару кабинеттерін қолдану; үй-жайларды шуды сіңіретін материалдармен безендіру; еңбек және демалыс режимін ұйымдастыру; өндірістік бақылауды уақтылы жүргізу.

шудың әсерімен бірге жұмысқа қабылдауға қарсы көрсеткімдер: кез келген этиологияның тұрақты есту қабілетінің төмендеуі (кем дегенде бір құлаққа); болжамы нашар отосклероз және басқа созылмалы құлақ аурулары; кез-келген этиологияның вестибулярлық аппараты функциясының бұзылуы.

Демалыс орындарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

Халықтың жаппай демалу орындары – халықтың ұйымдасқан демалысына арналған аумақтар (қалалық жағажайлар, саябақтар, демалыс базалары, спорттық базалар және олардың ашық ауадағы құрылыстары).

«Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығына сәйкес демалыс базалары мен орындары эпидемиялық маңызы жоғары объектілерге жатады.

Демалыс базалары - жазғы мезгілде демалудың танымал нұсқалардың бірі. Демалудың бұл өдісі жалғыз жүретіндер арасында да, демалысты отбасымен бірге өткізетіндер арасында да танымал.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес осы объектілерге рұқсат құжат –халықтың санитариялық-э-

пидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге объектінің сәйкестігін куәландыратын санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды. Санитариялық-эпидемиологиялық қорғандысыз объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

Ашық су қоймаларының суы адамдарға лептоспироз, вирустық гепатиттердің кейбір түрлері, ротавирустық инфекциялар, гелиминтоздар сияқты ауруларды жұқтыруы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан гигиеналық нормативтер шеңберінде су айдындарының су сапасын зертханалық бақылау жүзеге асырылатын халықтың жаппай демалуы үшін ресми түрде белгіленген рекреациялық орындарда шомылу керек.

Санитариялық қағидаларда демалуға және шомылуға арналған орындарға (жағажайларға), оларды орналастыруға, жабықтауға, жағажай аумағын жинауға және топырақтың беткі қабатын тазартуға қойылатын талаптар белгіленген. Жағажайларда кір жууға және жануарларды шомылдыруға болмайды.

Сонымен қатар су айдынына шомылуға тыйым салатын арнайы ақпараттық белгілерге назар аударыңыз!

Сондай-ақ су қоймаларындағы жағажайлардың тиісті санитариялық жай-күйі ең алдымен өзімізге байланысты екенін атап өту керек.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлік куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500
Тапсырыс №1204
Индексі – 65472.